

7. Қозғалысы төмен және жақындары жоқ адамдарға көмек көрсетуге жеке көмекші тағайындау туралы заңда қарастырылған ба?

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығына сәйкес жеке көмекші қызметтері жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге ұсынылады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық органы әзірлеген мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының (бұдан әрі – ОЖБ) негізінде жүзеге асырылады.

Жеке көмекшінің міндетіне мүгедекпен бірге оның тұратын жерінен баратын пунктіне дейін және қайтарда – жұмысқа, оқу орындарына, сондай-ақ мүгедек жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, сотқа, прокуратураға, әлеуметтік сала объектілеріне, заң консультацияларына, нотариусқа, мәдени-ойын-сауық іс-шараларына, спорт ғимараттарына, сауда объектілеріне, медициналық мекемелерге, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына және оқуына, жұмысқа орналасуына, өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғауына және іске асыруына, ақпарат алуына, қажетті құжаттарды ресімдеуіне байланысты мәселелерді шешуі үшін өзге де ұйымдарға барған кезде ілесіп жүруі кіреді.